

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 88 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 8 сәуірде № 6071 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 37 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 26.02.2021 № 37 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18, 139 баптарына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Шалқар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шалқар ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі, осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Шалқар ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) Шалқар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 23 мамырдағы № 119 "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3951 тіркелген, 2014 жылы 26 маусымда "Шалқар" газетінде жарияланған) қаулысы;

2) Шалқар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 11 ақпандағы № 25 "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Шалқар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 23 мамырдағы № 119 қаулысына өзгерістер

енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4770 тіркелген, 2016 жылы 17 наурызда "Шежірелі өлке" газетінде жарияланған) қаулысы.

3. "Шалқар ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулыны Шалқар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж. Жидехановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шалқар ауданының әкімі

Б. Қаниев

КЕЛІСІЛДІ:

Шалқар аудандық мәслихатының хатшысы

С. Бигеев

" " 2019 жылғы

Шалқар ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 88 қаулысына қосымша

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

№	Лауазымдардың атауы
	Білім саласы мамандарының лауазымдары
1	Аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесінің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының басшысы: мектепке дейінгі білім беру ұйымының басшысы, мектеп басшысы
2	Аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесінің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының басшысының орынбасары (әкімшілік-шаруашылық басқару жөніндегі орынбасарынан басқа)
3	Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарының барлық мамандықты мұғалімдер, мұғалім-дефектолог, мұғалім-логопед, бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы-оқытушы, өндіріске үйрету шебері, дене шынықтыру жетекшісі (негізгі қызметтердің), дене тәрбиесі нұсқаушысы (негізгі қызметтердің), қосымша білім беретін педагог, ұйымдастырушы-педагог, педагог-психолог, әлеуметтік педагог
4	Аккомпаниатор (негізгі қызметтердің), тәрбиелеуші, тәрбиелеуші-ана, әдіскер, музыкалық жетекші (негізгі қызметтердің), хореограф (негізгі қызметтердің)
5	Кітапхананың, шеберхананың, оқу-өндіріс шеберхананың, интернаттың басшысы (менгерушісі)
6	Кітапханашы

7	Көркемдік жетекші
8	Біліктілігі орташа деңгейлі санаты жоқ мейірбике (мейіргер), емдәмдік мейірбике
9	Тәлімгер
10	Зертханашы
11	Суретші
	Спорт саласы мамандарының лауазымдары
1	Жаттықтырушы-оқытушы
	Мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдары
1	Аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесінің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының сектор басшысы (ауылдық клуб менгерушісі, мәдениет үйінің директоры)
2	Аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесінің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының көркемдік қойылым бөлімінің басшысы (менгерушісі)
3	Мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер)
4	Кітапханашы
	Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары
1	Қарттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК